

**«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің
жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту
үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан
білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және
оқуға қабылдау»
мемлекеттік көрсетілетін қызметі**

1	Қызмет көрсетушінің атауы	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің "Алтай қаласының мектеп-лицейі" КММ
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі-портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған күннен бастап, сондай – ақ портал арқылы жүгінген кезде-бір жұмыс күні.
4	Қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Портал арқылы жүгінген кезде: көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру ұйымына қабылдау және оқуға қабылдау туралы, құжаттар топтамасы толық берілмеген жағдайда – бас тарту себебін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы хабарлама келеді. Көрсетілетін қызметті беруші хабарламада ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап өтініш берген алғашқы үш көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсету аумағынан қабылдау туралы, содан кейін - ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қызмет көрсету аумағынан емес, бірінші болып тіркелгендердің ішінен 1 (бір) үміткерге қабылдау туралы көрсетеді. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде (қағаз жүзінде) – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру ұйымына қабылдау және оқуға қабылдау туралы, құжаттар топтамасы толық берілмеген кезде - бас тарту себебін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы хабарлама беріледі.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және нәтижелерді беру сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) интернет ресурс-портал www.egov.kz 2) порталда www.egov.kz

-көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде):1) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқу үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіндегі нысанға сәйкес ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің өтініші; 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін түпнұсқасы талап етіледі, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады) немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат;3) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Профилактикалық егулер картасы" № 065/у нысанындағы және "Бала денсаулығы төлқұжаты" № 052-2/у нысанындағы медициналық анықтамалар (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 4) 3x4 см мөлшерінде баланың 2 дана фотосуреті. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда № 065/Е және 052-2/Е нысанындағы медициналық анықтамалар, осы аумақтағы көрсетілетін қызметті алушылар шектеу іс-шаралары алынып тасталуына, төтенше жағдайдың қолданылуы тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынылады.

порталға:

1) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне нысанға сәйкес ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші; 2) "денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген «Профилактикалық егулер картасы" № 065/у нысанындағы және «Бала денсаулығы төлқұжаты" № 052-2/у нысанындағы медициналық анықтамалар (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);3) баланың 3x4 см сандық фотосуреті.

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 546 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген талаптарға мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушының ұсынылған құжаттарының сәйкес келмеуі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген); № 17553 құқықтық актілер); 3) сынып-жиынтықтардың толып кетуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут; 2) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. Көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: өзіне қатысты порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі болған жағдайда үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.

Нысан

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметіне негізгі талаптар тізіміне

Білім беру ұйымының атауы _____
директоры _____
(директордың ТАӘ (болған жағдайда)

_____ ата-ананың (заңды өкілінің)
Т.А.Ә. (болған жағдайда)
Телефон: _____

Өтініш

Менің ұлым/қызым (баланың Т.А.Ә. (болған жағдайда)

оқу үшін _____ сыныпқа _____

(білім беру ұйымының толық атауы)

_____ тіркелген мекенжайы

(елді мекен, аудан, қала және облыс атауы)

бойынша қабылдауды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ «__» _____ 20__ ж.

(қолы)